



Қоршаған орта және балалар денсаулығы Үздік практикалық жобаларға сыйлық Табысты жобалар үлгілері туралы сұраным

Қыркүйек, 2009

2004 жылы Еуропаның, Кавказдың және Орталық Азияның 52 елінің денсаулық сақтау және қоршаған орта министрлері «Қоршаған орта және балалар денсаулығы» Еуропалық іс-әрекет жоспарына (ҚОБД еуропалық жоспары) қол қойды. Енді міне, арада 5 лет жыл өткенде, министрлердің «Балалар денсаулығы өзгермелі ортада» атты келесі конференциясы барысында, 8 үздік жоба Италиядағы Министрлер конференциясына ұсынылатын болады.

Жүлделер: Әрқайсысы 1,000 Еуро мөлшеріндегі сегіз жүлдені конкурс жеңімпаздарына министрлер 2010 жылғы наурыздың 10-12- де Италияның Парма қаласында өтетін қоршаған орта мен денсаулық жөніндегі Министрлер конференциясында табыс ететін болады. Конкурс жеңімпаздарының жол шығыны мен мейманхана ақысын ұйымдастырушылар төлейді.

Демеушілер: Сыйлық тағайындау және оны табыс ету рәсіміне Австрия, Дания, Германия, Нидерланды, Норвегия және Швеция үкіметтері демеушілік етіп, Еуропа комиссиясы қолдау көрсетеді.

Халықаралық сарапшылардың қазылар алқасы: Конкурсқа келіп түскен жобаларды конкурстың әрбір санаты бойынша екі сарапшыдан тұратын тәуелсіз қазылар алқасы бағалайтын болады. Қазылар алқасын денсаулық сақтау, тазалық және қоршаған орта салаларындағы сарапшылар, жастар, халықаралық ұйымдар өкілдері, сондай-ақ ДДҰ Еуропалық аймағының 53 елінің әрқайсысының қоршаған ортаны қорғау және денсаулық мәселелерімен шұғылданатын ұйымдары желісінің өкілдері құрайды.

Конкурсқа қатысуға кім өтініш бере алады: Еуропаның, Шығыс Еуропаның, Оңтүстік-Шығыс Еуропаның, Кавказ бен Орталық Азияның 53 еліндегі қоршаған ортаның балалар денсаулығына ықпалын жақсарту проблемасымен шұғылданатын барлық ұйымдар мен топтар – мысалы, мектептер, жастар топтары, жергілікті биліктері, үкіметтік емес ұйымдары қатыса алады. Жоба жүзеге асырылған немесе орындалу кезеңінде болуға тиіс.

Конкурс санаттары: «Жақсы тәжірибе» үлгілері төменде сипатталған сегіз санаттың бірінде жинақталған болуға тиіс:

Санат	Санаттама
1. Су және/немесе тазалық (ҚОБД еуропалық жоспарының аймақтық I басым міндеті)	Асқазан-ішек аурулары мен су арқылы берілетін науқастарды азайту – ауыз суы сапасын, балаларға арналған гигиена мен тазалық шарттарын жақсарту.

*Қосымша ақпарат алу үшін мына мекенжайға хабарласыңыз: Olivia Radu,
Еуропа әйелдері ортақ болашақ үшін (WECF):
olivia.radu@wecf.eu; Tel: +31-30-2310300, Fax: +31-30-2340878, Biltstraat 445, NL –
3572 AW
Utrecht,
Postal Address: PO Box 13047, 3507 LA Utrecht, the Netherlands*

2. Жазатайым оқиғалар және /немесе дене белсенділігі (ҚОБД еуропалық жоспарының аймақтық II басым міндеті)	Жазатайым оқиғаларға және жарақаттарға байланысты денсаулыққа келетін зиянды азайту, сондай-ақ аз қимылдаудан болатын науқастарды азайту – қоршаған ортаны балалар денсаулығы үшін қауіпсіз және таза ету
3. Ғимарат ішіндегі және /немесе сыртындағы ауаның ластануы (ҚОБД еуропалық жоспарының аймақтық III басым міндеті)	Респираторлық науқастардың алдын алып, оны сиректету – балаларға арналған ғимараттар ішіндегі және сыртындағы ауаның сапасын жақсарту
4. Химиялық заттар және /немесе радиация (ҚОБД еуропалық жоспарының аймақтық IV басым міндеті)	Улануды азайту, орны толмас залалдарды және созылмалы науқастарды азайту– балалар денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін химиялық және физикалық қауіптерді төмендету және алдын алу
5. Жастардың қатысуы	Ұрпақтар ынтымақтастығы – Жас ұрпақты Еуропадағы «Қоршаған орта және денсаулық» үдерісіне тарту
6. Жинақылық	Қоршаған ортаның ластануын, жазатайым оқиғаларды және қалалардың тым өсіп кетуін азайту – балалардың жүріс-тұрысын қауіпсіздендіру.
7. Климатты қорғау	CO2 эмиссиясын азайту және климаттың өзгеруіне бейімделу – балалар мен жастар арасындағы ақпарат алу мүмкіндігін жоғарылату, ауаға көміртегінің түсуін және олардың денсаулыққа кері ықпалын қысқарту тәжірибесін жақсарту
8. Мектептер	Экологиялық қауіптің және мектептер мен бала бақшаларындағы қауіптердің ықпалын төмендету – мектептердегі қоршаған орта жағдайы мен тазалығын жақсарту тәжірибесін кеңейту

Іріктеу шарттары: жобалар 0 - ден (талапқа сай келмейтін) 5 -ке дейін (тамаша) мына көрсеткіштер негізінде бағаланады:

- ✓ **Маңыздылық:** Жоба Еуропадағы қоршаған орта және балалар денсаулығы проблемасымен қаншалықты байланысты.
- ✓ **Нақты нәтижелері:** Жоба қоршаған орта және балалар денсаулығы проблемаларын шешуге тигізетін елеулі пайдасын қалай көрсетеді.
- ✓ **Ақпараттандыру және хабардарлықты көтеру:** Жоба қоршаған орта және балалар денсаулығы проблемасы жөнінде ақпараттандыру мен хабардарлықты көтеру ісіне қандай үлес қосады?
- ✓ **Әрістестік /көпсекторлы әдістеме:** жобаға қатысты жұмысқа басқа топтар, ұйымдар немесе секторлар қаншалықты жақсы тартылған
- ✓ **Орын ауыстыру мүмкіндігі:** Жобаны басқа орындар және елдерге көшіруге немесе кеңейтуге бола ма?
- ✓ **Біртумалығы:** жобаның сонылығы және инновациялылығы.
- ✓ **Жобаның шығындары мен тиімділігі**

Қосымша ақпарат пен ҚОБД Еуропадағы жоспары аясында бұдан бұрын өкізілген конкурстар үлгілері «Таза қоршаған орта балалар үшін» сайтында мына мекенжай бойынша орналасқан :
- <http://cehape.env-health.org>

*Қосымша ақпарат алу үшін мына мекенжайға хабарласыңыз: Olivia Radu,
Еуропа әйелдері ортақ болашақ үшін (WECF):
olivia.radu@wecf.eu; Tel: +31-30-2310300, Fax: +31-30-2340878, Biltstraat 445, NL –
3572 AW
Utrecht,
Postal Address: PO Box 13047, 3507 LA Utrecht, the Netherlands*

Маңызды даталар:

Дүйсенбі, желтоқсанның 7-сі: ҚОБД еуропалық жоспары конкурсына өтініш берудің соңғы мерзімі

Жұма, 2010, қаңтардың 22-сі : сегіз жеңімпаз туралы хабар тарату

Жұма, 2010, қаңтардың 30-ы : ұйымдарстырушыларға жол шығынын қаржыландыру мен виза ресімдеу туралы сұраныс жолдаудың соңғы мерзімі

Жұма, 2010, ақпанның 5-і : жеңімпаздардың (қажет болған жағдайда) қосымша ақпарат беруінің соңғы мерзімі

Сәрсенбі - жұма, 2010, наурыздың 10-12-лері,: Пармадағы Министрлер конференциясы бапысынла марапаттап тапсыну Рәсімі

Конкурсты ұйымдастырушылар: Конкурсты және қоршаған орта мен денсаулық министрлерінің Пармадағы бесінші Конференциясына арналған табысты тәжірибе жобалары үшін берілетін сыйлықтарды Еуропа елдері ортақ болашақ үшін (WECF) ұйымы, Денсаулық және қоршаған ортаны қолдау Альянсымен (HEAL), Халықаралық дәрігерлер қоршаған орта үшін қоғамымен (Австрия) және Еуропалық ЭКО-Форуммен бірлесе әзірлеген.

Демеушілер: Бұл марапаттауға Австрия, Дания, Германия, Нидерланды, Норвегия, Швеция үкіметтері және Еуропа комиссиясы демеушілік етеді



*Қосымша ақпарат алу үшін мына мекенжайға хабарласыңыз: Olivia Radu,
Еуропа әйелдері ортақ болашақ үшін (WECF):
olivia.radu@wecf.eu; Tel: +31-30-2310300, Fax: +31-30-2340878, Biltstraat 445, NL –
3572 AW
Utrecht,
Postal Address: PO Box 13047, 3507 LA Utrecht, the Netherlands*